

Ақтоғай ауданының аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 22 қазандағы № 271 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 қарашада № 4805 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 29 ақпандағы № 60 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай ауданы әкімдігінің 29.02.2024 № 60 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3-бабының 7-тармағына сәйкес, аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын пайдалану және жөндеуді қамтамасыз ету мақсатында Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтоғай ауданының аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын басқару жөніндегі баланс ұстаушы және уәкілетті орган болып белгіленсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына міндеттелсін.

Аудан әкімі

КЕЛІСІЛДІ:

"Павлодар облысының

құрылыс, жолаушылар көлігі

және автомобиль жолдары басқармасы"

ММ-нің басшысы

"22" қазан 2015 жыл

С. Батырғұжинов

Д.Қ. Мұстафин

Ақтоғай ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "22" қазандағы
№ 271 қаулысымен
бекітілген

Ақтоғай ауданының аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі

№ р/с	Автомобиль жолдардың атауы	Жалпы ұзындығы, километр	1	2	3
1	"Ақтоғай-Қарабұзау" автомобиль жолы кірме жолдар:				
1.1	Қарабұзау ауылы	33,7			
1.2	Харьковка ауылы	2,3			
2	"Ақтоғай-Шолақсор" облыстық маңызы бар автомобиль жолы кірме жолдар:				
2.1	Андриановка ауылы	1,3			
2.2	Барлыбай ауылы	11,3			
2.3	Басқамыс ауылы	39,9			
2.4	Жалаулы ауылы	0,9			
2.5	Жолболды ауылы	1,2			
2.6	Қарақоға ауылы	63,9			
2.7	Қырықүй ауылы	3			
2.8	Разумовка ауылы	1,0			
2.9	Шілікті ауылы	20			
2.10	Шолақсор ауылы	2,0			
2.11	Шұға ауылы	41,2			
3	"Ленин-Ақтоғай-Ертіс" облыстық маңызы бар автомобиль жолы кірме жолдар:				
3.1.	Ақтоғай ауылы	3			
3.2.	Әбжан ауылы	0,5			
3.3	Әуелбек ауылы	1,9			

3.4	Естай ауылы	0,9
3.5	Жамбыл ауылы	0,4
3.6	Жаңабет ауылы	0,5
3.7	Жаңатап ауылы	1,0
3.8	Жоламан ауылы	0,6
3.9	Исантерек ауылы	0,7
3.10	Қайран ауылы	0,6
3.11	Қараоба ауылы	1,8
3.12	Қараой ауылы	1,7
3.13	Қожамжар ауылы	1,2
3.14	Мүткенов ауылы	1,7
3.15	Өтес ауылы	1,8
3.16	Приреченск ауылы	1,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК